



## БҰЙРЫҚ

29.03.2023 он

Нұр-Сұлтан қаласы

## ПРИКАЗ

№ 40-0

город Нур-Султан

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кейбір мәселелер туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Республикалық қала құрылысын жоспарлау және кадастр орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – «Мемқалақұрылыскадастры» РМК) 2023 жылғы 09 қаңтардағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарының 1-тармағын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша кейбір мәселелер туралы» «Мемқалақұрылыскадастры» РМК-ның 2018 жылғы 19 қыркүйектегі №89-ө бұйрығымен бекітілген Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына өзгерістер енгізілсін.

2. «Мемқалақұрылыскадастры» РМК-ның Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нұсқаулығы және Мүдделер қақтығысының алдын алу саясаты осы бұйрыққа 3, 4 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

3. «Мемқалақұрылыскадастры» РМК жұмыскерлері осы бұйрықтан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бас директор



Т. Мусабаев

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Республикалық мемлекеттік қала құрылысын жоспарлау және кадастр орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының («Мемқалақұрылыскадастры» РМК) **алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нұсқаулығы**

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Республикалық мемлекеттік қала құрылысын жоспарлау және кадастр орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нұсқаулығы (бұдан әрі – тиісінше Кәсіпорын және Нұсқаулық) алаяқтық және сыбайлас жемқорлық әрекеттері туындаған жағдайда Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің әрекеттерінің тәртібін, міндеттерін және жауапкершілігін белгілейді.
2. Нұсқаулық алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, іске асырылады.
3. Нұсқаулық Кәсіпорынның ішкі құжаты болып табылады, Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне танысу және қолдану үшін міндетті.
4. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өз қызметін іске асыру кезінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңын, Кәсіпорынның ішкі құжаттарын – Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын, Мүдделер қақтығысының алдын алу саясатын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты, осы Нұсқаулықты және алаяқтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де құжаттарды басшылыққа алады.
5. Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген.
6. Нұсқаулықта келтірілген талаптар минималды талап болып табылады және нақты жағдай үшін толық және/немесе шектеу ретінде қарастырылмауы керек.

7. Нұсқаулық Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында орналастырылуы тиіс.

## 2. Негізгі терминдер мен анықтамалар

8. Нұсқаулықта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:  
**Алаяқтық** – бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену;

**Сыбайлас жемқорлық** – лауазымды тұлғаның, Кәсіпорын жұмыскерлерінің лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады.

**Алаяқтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – лауазымды тұлғалардың, Кәсіпорын жұмыскерлерінің олардың құзыреті шеңберіндегі алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықты анықтау, соның ішінде олардың жасалуына ықпал ететін себеп пен жағдайларды анықтау және жою бойынша; сондай-ақ алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықты болдырмау, ашу және тергеу бойынша қызметі.

**Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

**Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

**Параға коммерциялық сатып алу** – коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оның өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүдделеріне қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету.

**Лауазымды тұлға** – Кәсіпорында ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не орындайтын тұлға, сондай-ақ Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары.

**Мүдделер қақтығысы** – Кәсіпорынның лауазымды тұлғасы мен жұмыскерінің жеке қызығушылығы олардың шешім қабылдауына және

лауазымдық міндеттерін атқаруына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай.

### **3. Алаяқтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нұсқаулығының мақсаттары, міндеттері**

9. Нұсқаулық алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу, Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге тарту қаупін азайту, оның ішінде Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында әзірленді.

10. Нұсқаулықтың негізгі міндеттері:

1) алаяқтық және сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайлар туындаған кезде Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне ұсынымдар әзірлеу және әрекеттерінің тәртібін белгілеу болып табылады;

2) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттерін белгілейді;

3) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен басшыларының карамағындағы жұмыскерлердің алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілігін белгілейді.

11. Алаяқтық жағдайлары мен сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттер Кәсіпорынның Алаяқтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының 2-тармағының 6, 7-тармақшаларында сипатталған.

### **4. Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық жағдайлары туындаған кездегі жалпы ұсынымдар, Кәсіпорын жұмыскерлерінің әрекеттерінің тәртібі**

12. Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық әрекеттердің (оның ішінде коммерциялық пара беру мен бопсалаудың) ықтимал жағдайлары кезінде мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын басшылыққа алу;

2) алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қатынастарын реттейтін Кәсіпорынның ішкі құжаттарын басшылыққа алу;

3) Кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің өзін-өзі ұстау (іс-қимыл) қағидаларын сақтау;

4) келушілер орналасқан қызметтік үй-жайларды және жеке заттарды (киімдер, портфельдер, сөмкелер және т.б.) қараусыз қалдырмау;

5) егер келуші кеткен соң жұмыс орнында немесе жеке заттарында қандай да бір бөгде заттар табылса, ешқандай дербес іс-қимыл жасамай, дереу басшылыққа баяндау;

6) пара беру және/немесе коммерциялық пара затын қабылдауға дайындық немесе үзілді-кесілді бас тарту ретінде түсінілуі мүмкін асығыс мәлімдемелерге жол бермей, өте сақ, сыпайы, жалбақтаудан аулақ болу;

7) Сізге ұсынылған шарттарды (сомалардың өлшемдері, тауарлар мен қызметтердің сипаты, параны беру мерзімі мен тәсілдері, параға коммерциялық сатып алу нысаны, мәселелерді шешу тәртібі) мұқият тыңдау және нақты есте сақтап қалу;

8) пара және/немесе параға коммерциялық сатып алу пәнін беру уақыты және орны туралы мәселені келесі әңгімелесуге ауыстыруға тырысу және келесі кездесуге Сізге жақсы таныс орынды ұсыну;

9) әңгімелесу барысында бастаманы қабылдамау, әңгімелесушінің Сізге неғұрлым көп ақпарат беруіне мүмкіндік беру;

10) Сіз пара беруге келіскен немесе коммерциялық параға сатып алуға келіскен жағдайда Сіздің мәселеніздің шешілу кепілдігі туралы білуге ден қою;

11) Сізде диктофон болған жағдайда пара және/немесе коммерциялық параға сатып алу туралы ұсынысты жазып алуға (жасырын) тырысу ұсынылады.

13. Кәсіпорынның кез келген тұлғасы адамы немесе жұмыскері жасаған алаяқтық және сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің ықтимал жағдайларына күдік туындаған кезде Кәсіпорынның лауазымдық нұсқаулығына және/немесе өзге де ішкі құжаттарына сәйкес тиісті функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі белгіленген комплаенс-офицердің міндетін атқарушының жұмыскерін міндетті түрде хабардар ету қажет. Бұл ретте мүмкіндігінше өз дәлелдемелері бойынша дәлелдемелік негізді ұсыну қажет (куәлар, құжаттар, хат алмасу, оның ішінде мессенджерлер арқылы, аудио және бейне материалдар және т.б.).

14. Параны бопсалау жағдайында Сіз сізден пара алу немесе коммерциялық пара алу фактісі туралы өтініш жазуыңыз керек, онда комплаенс-офицердің міндетін атқарушы жұмыскерге бере отырып, мына мәліметтерді дәл көрсету қажет:

1) Сізден параны бопсалаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекемесінің аты немесе коммерциялық құрылым өкілдерінің қайсысы Сізді сатып алуға итермелегенін;

2) бопсаланатын параның (сатып алудың) сомасы мен сипаты;

3) Сіз пара алуға немесе коммерциялық пара алуға бопсаланатын әрекеттер (немесе әрекетсіздіктер);

4) пара беру уақыты, орны және қалай жүзеге асырылуы керектігі немесе коммерциялық пара қалай берілуі керектігі туралы мәліметтер.

15. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың ықтимал немесе белгілі жағдайлары туралы өтініш беруші тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) көрсетілген хабарламалар құпиялылықты қамтамасыз ететін келесі байланыс арналарының кез келгені бойынша берілуі мүмкін:

«кері байланыс» [www.aisggk.kz](http://www.aisggk.kz) интернет-ресурсында нысанды толтыру арқылы;

Сенім телефонына:

+7 (7172) 50-24-64;

келесі пошталық мекенжайға: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 18В т.е.ү., 5-қабат, 510-кабинет.

## **5. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттері**

16. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу, Кәсіпорын жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге тарту тәуекелін азайту мақсатында барлық деңгейдегі басшылар:

1) барлық деңгейдегі алаяқтық және сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің кез келген нысандарына бітіспес көзқарас туралы мәлімдеуге, осы қағиданы жеке мысалмен көрсетуге, сақтауға және іске асыруы;

2) өз қарамағындағыларды Қазақстан Республикасының алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасының ережелері туралы хабардар етуі, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын құптауы;

3) өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде алаяқтық және сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасаған жағдайда, атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан, жазаның бұлтартпастығы туралы Кәсіпорын жұмыскерлерін хабардар етуі тиіс.

17. Кәсіпорынның әрбір жұмыскері:

1) алаяқтық және сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік танытуы;

2) Қазақстан Республикасының алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасының және осы Нұсқаулықтың және Ккәсіпорынның өзге де ішкі құжаттарының талаптарын орындауы және сақтауы;

3) үшінші тұлғаларға қатысты сенімділік, сыбайлас жемқорлықтан бас тарту және жанжалдың болмауы тұрғысынан сақтық танытуы;

4) пара беруді ұсынбауы, уәде бермеуі және жүзеге асырмауы – кез-келген қаржылық пайда беруі немесе пайда әкелуге уәде беруі;

5) белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату мақсатында ақша аударымдарын/төлемдерін ұсынбауы, уәде бермеуі және жүзеге асырмауы, лауазымды адамға сыйлықтар ұсынбауы;

6) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасының талаптарына және Кәсіпорынның ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтар немесе қонақжайлылық белгілерін бермеуі, алмауы;

- 7) жеке пайда алу мақсатында Кәсіпорында жұмысқа орналасуға көмек ұсынбауы, уәде бермеуі және ұсынбауы;
- 8) жеке мақсаттарға қызметтік жағдайын пайдаланбауы;
- 9) әдепті және адал лауазымды тұлға және жұмыскер болуы, өзінің лауазымдық міндеттерін жосықсыз атқарудан қалыс қалуы;
- 10) басқа жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерді орындауға итермелемеуі;
- 11) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге барынша ықпал жасауы;
- 12) Кәсіпорынның комплаенс-офицері міндетін атқарушының жұмыскерімен, мемлекеттік органдармен алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етуі тиіс.

## **6. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық жасағаны үшін жауапкершілік**

18. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқыққа қайшы іс-әрекет жасағаны үшін Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес жауапты болады.

19. Жүргізілген қызметтік тексеру шеңберінде алаяқтық және сыбайлас жемқорлық, сондай-ақ алаяқтық және сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасау туралы ақпаратты жасыру фактілері расталған кезде Кәсіпорынның бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне Кәсіпорынның ішкі құжаты – Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының 6-тармағының 24-тармақшасына сәйкес шешімдердің бірі қабылданатын болады.

## **7. Қорытынды ережелер**

20. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өздеріне осы Нұсқаулықтардың ережелерін мұқият зерделеуге, түсінуге және бұлжытпай орындауға міндеттемелерді қабылдайды.

21. Нұсқаулық Кәсіпорынның бас директоры бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

22. Осы Нұсқаулыққа енгізілетін өзгерістер/толықтырулар оларды Кәсіпорынның бас директоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.